

«Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты» КеАҚ




«БЕКІТІЛДІ»
Ғылыми кеңес шешімімен
«24» 12 2024ж.

Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты
«Жаңашыл оқытушы»
ЕРЕЖЕСІ


Арқалық, 2024ж

Ереже әзірленді:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

 Ж.А. Жусупова

Академиялық бағдарламалар және әдістемелік
жұмыс офис жетекшісі

 С. Б. Жумабаева

«Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтын» КеАҚ Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде (№8 хаттама, «24» желтоқсан 2024ж.) Басқарма-Төрағасы-Ректормен бекітілген.

Қолданылу мерзімі және нұсқа енгізілгенге дейін.

Енгізілуі

ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Бұл Ереже институтта білім беруді ұйымдастыру және оны әдістемелік қолдау жұмыстарын қамтамасыз ететін құрылымдарға, «Жаңашыл оқытушы» атағын иелену үшін байқауға қатысатын профессорлық-оқытушылық құрамға арналған.

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚРЗ «Білім туралы» Заңы (01.09.2024ж. жаңартылған);

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (27.08.2024ж. жаңартылған);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (09.06.2021ж. өзгерістер енгізілген);

-«Педагог мәртебесі туралы» заң (Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI ҚРЗ).

-Қазақстан Республикасында Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылдың 27 желтоқсанындағы №988 Қаулысы).

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Бұл Ереже Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында «Жаңашыл оқытушы» байқауын ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

Бұл Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдары, ҒЖЖБМ-не қатысты нормативтік құжаттары және институттың Академиялық саясаты негізінде әзірленді.

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты – оқытушылардың білім беру қызметіндегі табыстары мен жетістіктерін ынталандыруды арттыру және оқу процесін сапалы ұйымдастыру тәжірибесін насихаттау.

Міндеттері:

- жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ету және академиялық жетістікке қол жеткізу;
- кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге жеткен институт оқытушыларын анықтау;
- оқытушының көшбасшылық және шығармашылық әлеуетін арттыру;
- оқытушының оқу-әдістемелік жұмыстарда жоғары деңгейде меңгерген педагогикалық шеберлігін көрсету және озық тәжірибелерін тарату;
- білім беру процесінде инновациялық технологияларды қолдануды үздіксіз жетілдіру;
- тәжірибеге бағытталған оқыту әдістерін/түрлерін көрсету;
- білім беру процесінде ЖИ, ІТ технологияларын қолдану тәжірибесін жетілдіру;
- оқытушылық қызметтің беделін арттыру және кәсіби педагогикалық мәдениетін көтеру;
- байқау нәтижесі бойынша жеңімпаздарды марапаттау және материалдық қолдау;
- профессорлық-оқытушылық құрамның міндеттерін және жауапкершілігін арттыру.

БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Байқау жылына 1 рет 2 кезеңде өткізіледі: I кезең факультет ішінде, II кезең институтішілік (қаңтар-ақпан айларында).

Байқаудың I кезеңін ұйымдастыру және өткізу туралы:

Жоғары білім беру саласында 3 жылдан кем емес кем дегенде 3 жылдық еңбек өтілі бар факультет оқытушылары қатысады.

Байқау комиссиясы факультеттің профессорлық-оқытушылық құрамы бойынша анықталады және факультет деканы бұйрығымен бекітіледі.

Қатысушылар электрондық және қағаз тасымалдағышта келесі құжаттарды жинақтайды және комиссияға ұсынады:

- оқу-әдістемелік әдебиет (РОӘК грифімен баспадан шыққан оқулықтар, ЖАОК МООК, электронды оқу құралдары, оқу және оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар, әдістемелік көрсеткіштер және т.б. шығыс мәліметтері) әзірлеуге қатысуы;

- соңғы 3 жылдағы біліктілікті арттыру (сертификат көшірмесі);

- ашық сабақтар өткізу (әзірleme, талдау хаттамасы);

- факультет деңгейінде білім, ғылыми-зерттеу, тәрбие қызметтері, қоғамдық жұмыстарына қатысуы және нәтижелері (дәлелдеме құжаттар).

Факультеттің сапаны қамтамасыз ету комитеті байқауды ұйымдастырады және байқау туралы келесі құжаттамаларды тапсырады:

- барлық қатысушылар тізімі (факультет деканы қолымен расталған);

- комиссия құрамы (факультет деканы өкімі);

- барлық қатысушы оқытушылардың оқу-әдістемелік қызметін бағалау критерийлері парағы (көшірме, 1-қосымша);

- комиссия шешімі мен қорытындысы (хаттамада II кезеңге жіберілгені/ жіберілмегені жөнінде көрсетіледі).

Факультет комиссиясы шешімімен I кезең қорытындысы бойынша 30 балдан кем (барлығы 40 балл) жинамаған 2 немесе 3 үміткер (факультеттің штаттық кестесіне байланысты) анықталып, II кезеңге қатысу үшін жіберіледі.

Байқаудың II кезеңін ұйымдастыру және өткізу туралы:

Ректор бұйрығы негізінде институтішілік комиссия құрылады. Комиссия құрамына институт әкімшілігінің өкілдері мен құрылымдық бөлімдердің қызметкерлері, білікті педагог-мамандар (5 адамнан кем емес) тартылады. Комиссия байқау өткізудің тәртібін, бағалау критерийлерін белгілейді (60 балл, 2-қосымша) және байқау жеңімпаздарын анықтайды.

Байқауды ұйымдастырушы – Академиялық бағдарламалар және әдістемелік жұмыс офисі.

Институтішілік байқауға қатысушы үміткер келесі құжаттамаларды ұсынады:

I кезеңдегі құжаттарының (5.2.3 пунктінде көрсетілген) көшірмесі (қағаз және электронды тасымалдағышта);

- оқытушының оқу-әдістемелік қызметі бойынша оқу жылына арналған жеке жұмыс жоспары (қағаз және электронды тасымалдағышта, 3- қосымша);

- оқу үдерісінде қолданылатын оқу әдістері мен инновациялық технологияларды қолдану, жетілдіру жөнінде ұсыныстар мен жаңа идеялар – авторлық жоба презентациясын көрсету (5-7 минуттық);

- оқу үдерісінде қолданылатын оқу-әдістемелік, ақпараттық құжаттардың (мысалы, пәннің оқу бағдарламасы, Силлабус, ағымдық, аралық бақылау тапсырмаларын құрастыруға әзірлемелер, ашық сабақты өткізу және талдау хаттамасы және басқа әдістемелік нұсқаулықтар, көрсеткіштер т.б.) авторлық үлгісінің әзірлемесін ұсыну және қорғау (қағаз және электронды тасымалдағышта).

- мінездеме (қағаз үлгісінде, мөр және декан қолы).

Институтішілік комиссия әр үміткердің екі кезең қорытындысы бойынша балдарын (барлығы 100 балл) жеке есептейді және балдар кесте түрінде рәсімделіп (4- қосымша), комиссия хаттамасына тіркеледі.

Байқауды ұйымдастыру ашықтық және объективтілік принциптеріне негізделеді.

Байқауға оқытушылар ерікті түрде қатысады және кәсіби этика нормаларын сақтауы тиіс.

Қағаз тасымалдағышта ұсынылған құжаттар үміткерге қайтарылмайды.

Байқаудың өткізілуі және нәтижелері туралы материалдар институт сайтына орналастырылады.

БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Байқау қорытындысы үміткердің жинақтаған балы бойынша және комиссия мүшелерінің қатысуымен институтішілік комиссия отырысында шығарылады және байқау жеңімпазы анықталады. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді.

Үміткерлердің жинақтаған балдары тең болған жағдайда, институтішілік комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады.

Комиссия төрағасы «Жаңашыл оқытушы» номинациясын тағайындау туралы институт ректорына қызметтік хат жібереді.


Институт ректорының «Жаңашыл оқытушы» номинациясын тағайындау туралы бұйрығы негізінде жеңімпаздарды марапаттау рәсімі жүргізіледі.

Байқауға қатысушыларды марапаттау:

- байқау жеңімпазы (1 адам) I дәрежелі диплом және сыйақымен марапатталады;
- 2 орын иеленген (2 адам) оқытушы-әдіскерлер II дәрежелі диплом және сыйақымен марапатталады;
- 3 орын иеленген (3 адам) оқытушы-әдіскерлер III дәрежелі диплом және сыйақымен марапатталады;
- басқа қатысушы оқытушылар белгіленген үлгідегі сертификаттармен марапатталады;
- басшылықтың шешімі бойынша байқау жеңімпаздары мен қатысушыларды ынталандыру мақсатында марапаттаудың қосымша түрлері енгізілуі мүмкін.

Келісілді:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор



Ж.А. Жусупова

I кезең бойынша (факультетішілік) оқытушының оқу-әдістемелік қызметін бағалау критерийлері

«Жаңашыл оқытушы» байқауына қатысушының аты-жөні

Факультет, білім беру бағдарламасының атауы және қызметі мен ғылыми дәрежесі/ атағы

ЖОО (институтта) еңбек өтілі

№	Бағалау критерийлері және көрсеткіштері	Балл
		0-40 балл
1	Оқу-әдістемелік әдебиеттерді әзірлеуге қатысуы (соңғы 3 жыл):	0-15
	- оқулық, оқу құралы	0-7
	- оқу-әдістемелік құрал	0-5
	- әдістемелік нұсқаулық және басқа әзірлемелер	0-3
2	Ашық сабақ өткізу	0-15
	- сабақтың ғылыми-теориялық деңгейі	0-6
	- инновациялық технологияны қолдануы	0-4
	- аудиториямен кері байланыс	0-3
	- пәнді кәсіби меңгеруі	0-2
3	Соңғы 3 жыл бойынша біліктілікті арттыруы	0-5
	- білім беру бағдарламасына, оқытылатын пәніне (біліктілікке) сәйкес	0-3
	- білім беруде әдістемелік қолдауды жүзеге асыру үшін берілген сертификаттар	0-2
4	Институт, факультет, білім беру бағдарламасының деңгейінде білім, ғылыми- зерттеу, тәрбие қызметтері, қоғамдық жұмыстарға қатысуы және нәтижелері	0-5
	Барлығы	40

Комиссия төрағасы: (аты-жөні) _____ (қолы)

Комиссия мүшелері: (аты-жөні) _____ (қолы)

Күні және жылы

II кезең бойынша (институтшілік) оқытушының оқу-әдістемелік қызметін бағалау критерийлері

- «Жаңашыл оқытушы» байқауына қатысушының аты-жөні
- Факультет, білім беру бағдарламасының атауы және қызметі мен ғылыми дәрежесі/атағы
- ЖОО (институтта) еңбек өтілі

№	Бағалау критерийлері және көрсеткіштері	Балл
		0-60 балл
1	Оқытушының оқу-әдістемелік қызметі бойынша оқу жылына арналған жеке жұмыс жоспары	10
	- кәсіби құзіреттілігі деңгейі және пәндік сала бойынша қызметін көрсетуі	0-5
	- жоспардың лауазымдық міндеттеріне сәйкестігі	0-5
2	Институттың оқу үдерісінде қолданылатын оқу әдістері мен инновациялық технологияларды қолдану, жетілдіру жөнінде ұсыныстар мен жаңа идеялар – авторлық жоба презентациясы	20
	- оқу-әдістемелік жұмыстарды талдай білуі және оны жетілдіруде идеяның жаңашылдығы	0-15
	- білім сапасын арттыруда және әдістемелік қолдауда жобаның тиімділігі	0-5
3	Оқу үдерісінде қолданылатын оқу-әдістемелік, ақпараттық құжаттардың авторлық үлгісінің әзірлемесін ұсыну және қорғау	30
	- әзірлеменің бірегейлігі (нақты және ерекшелігі)	0-15
	- оқу үдерісіндегі қазіргі заманғы талаптардың көрінуі	0-15
	БАРЛЫҒЫ	60

Комиссия төрағасы: (аты-жөні) _____ (қолы)

Комиссия мүшелері: (аты-жөні) _____ (қолы)

Күні және жылы

Оқытушының оқу-әдістемелік қызметі бойынша оқу жылына арналған жеке жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Іс-шаралар форматы	Күтілетін нәтижесі

Оқытушының аты-жөні (қолы)

Білім беру бағдарламасы жетекшісінің аты-жөні _____ (қолы)

Институтшілік комиссия қорытындысы

№	Оқытушының аты-жөні	Факультет, білім беру бағдарламасының атауы және қызметі мен ғылыми дәрежесі/ атағы	Институттағы еңбек өтілі	Балл		Қорытынды балл
				I кезең	II кезең	

Комиссия төрағасы: (аты-жөні) _____ (қолы)
Комиссия мүшелері: (аты-жөні) _____ (қолы)

Күні және жылы